

Даласына

лайық

дарын

Естеліктер. Мақалалар. Өлеңдер

Құрастырушылар:
Дәметкен Сүлейменова
Сайлау Сүлейменов

Орал - 2008

БКК 84 (5 Қаз)

Д15

Д15

Даласына лайық дарын:

Естеліктер. Мақалалар. Өлеңдер./

Құраст. Д.Сүлейменова, С.Сүлейменов -

Орал, 2008. 208-бет

ISBN 978-601-7104-16-0

Бұл кітапқа туғанына жүз жыл толып отырған қазақтың көрнекті жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Хамза Есенжанов туралы естеліктер, мақалалар, өлеңдер енгізілді. Әдебиетіміздің қабырғалы өкілдері академиктер М.Қаратаев, З.Қабдолов, ақын-жазушылар Ә.Сәрсенбаев, Ә.Нұршайықов, Қ.Мырза Әли, Ә.Кекілбаев, А.Бақтыгереева, тағы басқалары ғұмыры ғибратқа толы қаламгердің шынайы бейнесін оқырманның көз алдына әкелді.

Ұжымдық жинақта, сондай-ақ Хамза Есенжановтың тол туындылары да жарияланып отыр.

Орал, 2008

БКК 84 (5 Қаз)

Д $\frac{470225020/}{00 (05) - 08}$

ISBN 978-601-7104-16-0

© Д.Сүлейменова,
С.Сүлейменов, 2008



Бақтықожа Ізмұхамбетов, Батыс Қазақстан облысының әкімі

Тұғырлы талант

Бұл есімді еске алғанда, талайдың тағдырын талқан еткен келеңсіз кезеңдер ойға оралады. Ол табиғат сыйлаған мол ақыл-парасат пен тұрлаулы талант арқасында ажалға қарсы тұрып, өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, адамдар мінезіндегі аярлыққа кешіріммен қарап, қараңғы қапас, қуғын-сүргіннен құтылған бойда-ақ қарымды қаламын қолға алып, аз жылда қазақ әдебиетіне қомақты олжалар сала бастады.

Көрнекті жерлес жазушымыз Хамза Есенжанов өз шығармаларында Ақ Жайық атырабында болған алуан сипаттағы оқиғаларды арқау етті. 1917 жылғы қазан төңкерісі жүзеге асқанда, Хамза тоғыз жастағы бала болатын. Алғашқы кезде ауыл-аймақта сырттай қарағанда, ешқандай өзгеріс-жаңалықтар байқала қоймады. Шалқар көлі маңындағы халық мал бағып, балық аулап, кіре тартып дегендей, әркім өз тірлігімен болып жатты. Десек те, адамның ой-санасын шектеу мүмкін емес қой. Жұрт бір жойқын жайлардың жақындап келе жатқанын сезбей қойған жоқ.

Адам баласы топқа, ұйымға әсіреқызыл әуестікпен бірікпейді. Мұның артында күреске толы өмірде бас сауғалау, жақсы тұрмысқа ұмтылу ниеті жатады. Бұл ықылым заманнан белгілі жәйт.

Ресей империясының бір құнарлы да құйкалы пұшпағы болып табылатын Ақ Жайық өңірінде де алуан бағыт ұстаған топтар мен партиялар бар болатын.

Патша өкіметі құлады. Уақытша үкімет күйреді. Негізгі билік большевиктердің қолына өтті. Ресми түрде ғана. Ал жалпы жағдай қаймағы бұзылмаған күйде еді. Бар мәселенің түйіні билікті толық қолға алуға келіп тірелді. Большевиктер бүкіл билік Кеңестерге берілсін деген ұран тастады. Ал әр деңгейде құрылған Кеңестердің мүшелері «шынжырдан басқа ештеңесі жоқ» пролетариаттар болатын. Олар күнліз тапқандарын кеште ішіп-жеп, артық нәрсе ұстап көрмеген өте кедей таптың өкілдері-тін. Рас, қалалардағы зауыт, фабрика, т.б. өндіріс орындарының қожалары жаңағы

пролетариаттың еңбегін пайдаланды. Сөз жоқ, солардың арқасында байыды. Ал қазақ ауылына келсек, байдың малын кедей ағайындары бакты

Иә, ауқаттылардың асығы алшысынан түсіп, кедей-кепшіктердің тұрмыс-тіршілігі ауыр болғанын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Міне, большевиктер дәл осы «жұқа» тұсқа үлкен мән-маңыз беріп, тап күресі дегенді ойлап тауып, Ресейдегі жағдайды өте ушықтырып жіберді. Осыдан келіп азамат соғысы лап етті.

Жазушы Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» эпопеясында жоғарыда айтып өткен жайлардың осы өңірде қалай көрініс тапқанын зерделеді.

Бұрын «үріп ішіп, шайқан төгіп» қалған кала-дала қалталыларына қарсы күрес күшейді. Яғни, жеке меншіктегі мал-мүлікке қауіп төнді. Мұның сыртында ауқаттылар биліктен шеттетіле бастады. Қаладағы большевизм ауылға да келді. Кедейлердің арасында үлкен парасат иелері де болды. Бірақ шолақ белсенділер басым еді. Байлардың арасында да жаңашыл, ағайынға қамқорлары да аз емес-ті. Сондай-ақ, қыста қар сұрасаң да бермейтін, тассарандары да баршылық болатын.

4 Ауыл байларының басым бөлігі Орал қаласындағы «алтын пагондылармен» ниеттес болса, кедей шаруалар жағы пролетариатқа үміт артты. Күрес аяусыз сипат алды.

Жазушы Хамза Есенжанов сол кезеңдегі жағдайды үлкен суреткерлік шеберлікпен дәлме-дәл көрсете алды. Оның кейіпкерлерінің көбі тарихи тұлғалар болатын. Жиынтық образдар да жиі кездеседі.

«Әдебиеттің - нысаны адам» деген белгілі қағида барын білеміз. Жазушы Хамза Есенжанов қазақ прозасында сирек кездесетін образдар галереясын жасады. Оның кейіпкерлері кесек мінезді, қиын тағдырлылығымен ерекшеленіп, бірден жадында жатталып қалады.

Даладағы тап күресін жазушы сұңғылалықпен көрсете алды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезіндегі кедей-кепшіктердің іс-әрекеті алуан қырынан сипатталады. Аталас ағайындар арасындағы тартыстың түптамырын ашып көрсетіп, оқырманды терен ойлануға мәжбүр етеді.

Меніңше, қазақ әдебиеті тарихында бір өңір-өлкеге толықтай арналған Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» эпопеясындай шығарма болған емес.

Жазушы Хамза Есенжанов осы туындысы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Хамза Ықсанұлы туралы әңгіме еткенде, оның өмірлік серігі София Жақияқызына тоқталмай өтуге болмайды. Ол айдаудағы ерінің соңынан еріп, қуғын-сүргіннің ауыр тауқыметін бірдей көрді. Хамза ағаны тікелей мағынасында ажал аузынан суырып алды.

Қадыр Мырза Әли ағамызша айтсақ, «...Оны отызына толар-толмаста «халық жауы» деп айдап өкеткен. Түрменің аты - түрме, айдаудың аты - айдау! Көрместі көріп, татнасты татып, бүкіл жастығын, қызулы-қуатты кезін жат жерде өткізіп, бүкіл денсаулығын құртып, елуінші жылдардың екінші жартысында еліне аман есен оралды».

«Ақ Жайық» эпопеясының өмірге келуіне София Жақияқызы Тастемірованың да еңбегі елеулі. Оның аруағы алдында басымызды иеміз!

Оралдық ақын Айтқали Нәріковтің осы кітапқа енген «Аққу махаббат» өлеңіндегі төмендегі жолдарға назар аударайықшы.

Сыңары үшін жан аямай күресіп,
Өтті жылдар - ашты-жапты жүз есік.
Сүйген жүрек жалынына шыдамай,
Жібіп еді қатқан мұздар сіресіп...

5

Алты ай жүріп, әрең жетті тайғаға,
Тағдырымыз бір болсын деп қайда да.
Ажалдан да арашалап алатын,
Ей, жас ұрпақ, махаббатпен ойнама!!!

Иә, Хамза Ықсанұлы мен София Жақияқызының аққу махаббаты жас ұрпаққа мәңгілік үлгі болуға тиіс деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, осынау кітапқа енген дүниелер көрнекті жерлес жазушымыз дүниеге келгеніне 100 жыл толып отырған Хамза Есенжановтың өмірі мен шығармашылық жолынан мол хабардар етеді. Кітап сонысымен де құнды.





*Қадыр Мырза Әли,
Қазақстанның Халық жазушысы*

Даласына лайық дарын, дарынына лайық эпопея

Иә, зымыраған уақыт! Алақанға су толтырып біраз тұруға болады. Сәттерді ұстап тұра алмайсың! Мен енді-енді шыр етіп жерге түскен кезімде Хамза ағамыз небары жиырма жетіде екен. Оны отызына толар-толмаста «халық жауы» деп айдап әкеткен. Түрменің аты - түрме, айдаудың аты - айдау! Көрместі көріп, татпасты татып, бүкіл жастығын, қызулықуатты кезін жат жерде өткізіп, бүкіл денсаулығын құртып, елуінші жылдардың екінші жартысында еліне аман-есен оралды. Оралмауы да мүмкін еді. Жаратқанның бір жақсылығы шығар, әлі де болса жоғарғы оқу орнында оқып жүрген жеңгіміз қолына дәрігерлік диплом, оған қоса жолдама алып, Пушкин жазған «Сонау Сібір түкпіріне» ағамызды іздеп барады. Құсалы кіріптарға жағдай туғызады. Дәрігердің аты дәрігер! Рухани азып-тозған ағамыз, жазушы азамат нағыз жанашыр адамының үнемі бақылауында, үнемі күтімінде, аялы алақанында болады. Ағамыз ғана емес, ағамыз үшін біз София жеңгіміздің алдында мәңгілік қарыздармыз. Біздер, тарихты тәп-тәуір білетін әдебиетшілер, декабристердің ғана емес, өз еркімен саналы түрде кісендеулі ерлеріне еріп айдауға бірге кеткен княгиня Волконскаяның ерлігін, іс-әрекетін оқып өскен жандармыз. Сондықтан бізге София жеңгіміз сол дәстүрді жөнімен жалғастырған тарихи тұлға болып есептеледі.

Дүниеде ескірмейтін ештеңе жоқ. Күні жеткенде Сталиндік құрыш құрсаудың да талқаны шықты. Оның солай болатынын, солай аяқталатынын біраз адам сезген-ді. Міне сол алдын ала сезгендердің бірі Сталиннің өз серігі, өз қамшыгері - Берия болатын.

Иә, иә, Берия! Ол Ұлы Отан соғысы аяқтала сала рухани-саяси бұғаудан елді босату керектігін «Ұлы көсемнің» өзіне жүқалап айтып та көрген.

- Ә-ә, тарихтың алдында жалғыз мені қарабет қылып, өзің судан таза, сүттен ақ болып құтылып кетпексің ғой! Жо-о-ок, олай бола қоймас! Ол қулығыңнан ештеңе шыға қоймас! Шығарта қоймаспын! - деген Сталин оған қаһарын төгіп. «Ұлы көсемнің түбіне жеткен де сол қаһарлы сөз болуы керек, сірә! Немен біткені бәрімізге аян... Ақыр аяғында ол өте жұмбақ жағдайда дүние салды. Қандай жағдайда екенін дәл айтпағанмен, айтылмағанмен, дәл анық жария болмағанмен, бұл мәселеде болжам-бопасалар өте көп! Соның бәрі Сталин өз ажалынан өлген жоқ, ол тек болашақта анықталуы мүмкін дейді... Сталин мен Берия бірінің түбіне бірі жетсе, Хрущев екеуінің де түбіне жетті. Бәрі дұрыс. Шындап келгенде, жалғыз Берия ғана емес, біраз адам солай ойлады. Солай сезінді. Соның бірі - бүкіл Совет жазушыларының ресми басшысы болып келген Фадеев еді. Ол өз атынан Сталинге бәрін-бәрін айтып хат жазды. Бірақ Берияны тыңдамаған Сталин Фадеевті тыңдай ма?! Соғыстан кейін сәл-пәл тынышталып, есін жия сала «Ұлы көсем» қуғын-сүргінді қайта бастады. Біздің Қазақстанның өзінде Бекмаханов, Жұмалиев, Исмаилов, тағы басқа да біраз ғалым, тарихшылар, әдебиетшілер нақақтан-нақақ, кінәсізден-кінәсіз, жазықсыздан жазықсыз жала жабылып, қамауға алынды.

Бірақ Сталин өле сала Хрущев бұрыннан отырғандарды да, жақында тұтқындалғандарды да босатып, қаламдарын қайырып берді. Бостан босқа күйін, бостан босқа жаза шеккендерді тектен-текке денсаулықтарынан айырылып, жартылай мүгедек болғандарды, жан азабын шеккен періште пұшаймандарды ресми ақтап, әлі де болса жазып-сызуларына мүмкіндік берді. Мәселенің түп-тамырына әбден таныс емес күпті көңілдер соның бәріне Фадеев кінәлідей, кейбір нақтылы азаматтар бетіне түкірді. Ондай қорлыққа, ондай жеккөрушілікке шыдай алмай, сол кездегі бүкілодақтық жазушылар одағының төрағасы Фадеев дачасында жатып атылып өлді.

Ол өліп бара жатып, саяси басшылыққа қарғыс айтып, азаматтық ерлік жасады деуге болады. Оны түсінетін Ел түсінеді, ұғатын басшылар ұқты. Соның бірі кәрі тарлан, кәрі түлкі Молотов, Фадеев зиратының басында тас мүсіндей сүп-сүр болып:

- Ол өзін-өзі атқан жок, дұрысы, өзін өзі ату арқылы біздің бетімізге түкіріп кетті! - деген екен! - Өйтпегенде ол бұл молаға емес, Кремльге жерленетін еді ғой!

Иә, ол кез - өте күрделі кез еді. Рухани шикан әбден пісіп, тиіп кетсең жарылғалы тұрған-ды. Елбасы - Никита Сергеевич Хрущев болатын. Бұдан бұлай қарай бұл бағытта жұмыс істей беру керек еместігін ол барынша дұрыс түсінді. Бірақ қайткенде қандай дұрыс шешім қабылдау керектігіне даналығы жетпеді. Сталиндік басқару тәсілінің мүлдем қате екендігін іштей сезді. Оны бүкіл Ел алдында, әлем алдында, тарих алдында барынша ашкереледі. Бірақ саяси сандықтың кілтін таба алмады...

Хамза Есенжанов ағамыздың Еліне ғана, Бостандыққа ғана оралуы емес, бұл оралу оның өз өнеріне, өз мүмкіндігіне оралуы еді. Бұл оралу, бұл бақытты ол шығармашылыққа арналды. Өте өнімді және жүйелі жұмыс жасады. Және сол өнімді де өнегелі жұмыс жасаған кездері іштей арпалыс, іштей түсініспестік, қат-қабат білместіктермен, қилы-қилы қайшылықтармен есте қалды. Цензураның қайшысы Хамза-екеннің туындыларын тураумен болды. Бұл енді ұзақ және өте ауыр әңгіме.

8 Хамза ағамыз түрмеден шыққанмен, айдаудан қайтқанмен, тіпті ақталғанмен, барынша өкпелі және ашулы еді. Ал осынша обал жасаған Кеңестік қоғам әлі де болса кешірімсіз қатал күйінде біраз өмір сүрді. Ол кездерде түгелдей шындықты айтатын, ақиқатты ақтарып жазатын иманы бар қаламгерлерге ресми баспасөз үлкен күдікпен қарайтын. Саптыаяққа сыра құйып, сабынан қарауыл қарап, көркем шығарманың өзін сенімсіздіктің сүзгісінен бір емес, бірнеше мәрте өткізіп барып, көркем дүниелер әрең дегенде жарық көретін. Ал біздің Хамза ағамыз өте парасатты, өте төзімді қаламгер болатын. Ол өмірде айтыс-тартысты ұнатпайтын. Жік-жік болып керілдескенді, құр айқайды шын мәніндегі күрес деп есептемейтін. Ел ішінен жау іздеп, дұшпан іздеп, кек алумен, өш алумен шұғылдандуды жөн деп таппады. Еліне тірі оралғанын олжа деп ұқты. Сағынған өнеріне, жазу үстеліне арқа сүйеп, шығармашылыққа алаңсыз берілді. «Ақ Жайық» эпопеясының бір томынан кейін бір томын жазды. Өзгелердің іші күйетіндей еңбек етті. Жазушы ретінде әбден пісіп келгенде, жазған үстіне жаза түссем, бітірген үстіне бітіре

түссем деп, тыныш тірлікке ширьғын жеткен қарымды қаламгер тынымсыз еңбек үстінде болды. Баска тіршілікке тіптен мән берген жоқ. Қайталап айтайын: тек жазумен болды. Тек сонымен болды. Өкімет үй берді, жеңгеміз жағдай жасады. Бірақ шаруаның бәрі онайлықпен іске асып жатты деп айту қиын еді. Көркем әдебиеттің тұсауы мен шідері алынғанмен, ноктасы алынған жоқ-ты. Ниет дұрыс, бағыт өзгергенмен, цензура сол баяғы цензура! Саяси үстемдік рухыңды езгілеп, жігеріңді жаныштап, етегіңнен тартып, еңсенді түсірген сәттер Хамза ағамызды жолдан тайдыра алмады.

1998 жылы «Жазушы» баспасы қайта басып шығарған «Жүнісовтер трагедиясы» атты романның алғы сөзінде қай тұста қандай өзгерістер енгізілгеніне көзімізді жеткізу үшін, соның бәрін бірдей тізіп жатпай-ақ, тек мысал үшін біз ұсынған кейінгі толық нұсқа мен 1977 жылғы басылымның 121, 123, 135, 145, (екінші басылымның басы, яки бір тарау түгелдей жоқ). 146, 148, 150, 156-158, 160-163, 168, 171, 176, 182-191 (одан әрі бір жола жоқ). Беттерін салыстырып қараудың өзі жеткілікті болар деп ойлаймыз. Бұрынғы басылымдардан алынып тасталған көріністер қандай көркемдік жүк көтеріп тұрғанын және бұлардың бұл шығарма үшін қандай, қаншалықты мәнділігін аңғару оншалықты қиын емес...» деп жазған еді көрнекті қазақ әдеби сыншысы Зейнолла Серікқалиев.

Бірнеше жыл қуғында болып, рухани қысым көрген табиғи дарын иесі Хамза Есенжановтың барлық жағынан ақталып, бостандыққа шыққанынан кейінгі көргенінің өзі осы! Оны айтып жеткізу мүлдем мүмкін емес! Жазушы-акын дейміз, қарапайым оқырмандарымыздың да көрген күндері осы іспеттес. Жаңа-жаңа іргесі қалана бастаған балдырған әдебиетті былай қойғанда іргетасы әбден бекіген ауыз әдебиетінің өзіне үлкен күдікпен қарап, оның өзіне саяси сұрыптау жүргізілген-ді. Ата-аналарымыз түгіл, ата-бабаларымызға, олар жасаған көне мұраларға сенімсіздікпен қарап, сүзгіден өткізді. Бір ғана әдеби өлшем үстемдік етті. Ол - таптық көзқарас! Таптық талап! Жалғыз ғана «Қамбар батыр жыры» болмаса, қалған лиро-эпикалық жырлардың бәрі бірдей оқу программасынан шығып қалды.

Біз міне осындай ақылға қонбайтын, санаға сыймайтын рухани жұт кезде өмір сүрдік. Ауыз әдебиетінен бастау алатын

халық жырлары, ертегі-аңыздар ғана болмаса, бүлдіршіндер мен балдырғандарға, олардың рухани шөлін қандыратын жаңа туындылар жоққа тән болатын,

Біз айтамыз тақпак,
Ленинді мақтап.
Капитализм - қап-қара,
Коммунизм әшпак!!!

Жайнаған жарық келешектің ертеңгі ер-азаматтары, соның ішінде біздер де бармыз, осы іспетті маскара тақпақтарды жаттап өстік. Ол кездегі қазақ қара сөзі төрт-бес прозашы (Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ғабдол Сланов) қазақ поэзиясы алты-жеті ақыннан ғана (Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетов, Әбу Сәрсенбаев, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Қалижан Бекқожин,..) тұратын. Олардың өзі қыбырлап өмір сүріп, сыбырлап сөйлеп пұшайман болған дарындар еді. Міне, осы кезде Сталин дүние салып, ел басына Хрущев келген-ді. Ол келе сала қамаудағы кіріптарларды рухани бұғаудан босатып, әбден әлсіреген, әбден қансыраған совет әдебиеті кеудесін кере бір күрсінді. Хамза Есенжанов сол мезгілдің оқшау тұрған олжасы. Олжа болғанда қандай! Небары жеті-сегіз жылдың ішінде «Ақ Жайық» эпопеясының үш-төрт кітабын, одан кейін «Жүнісовтер трагедиясын» жазып тастады. Шамамен, жылына бір том. Бұл тек айтуға ғана оңай ғаламат еңбек!

10

Тап сол кездерде мен университетті бітіріп, «Жұлдыз» журналында жұмыс жасап жүргенмін. Хамза ағамен алғаш рет сол «Жұлдыз» журналында, бас редактор Жұбан Молдағалиев кабинетінде таныстым. Редактор шақырып жатыр деген соң барсам, алдында Хамза-екен отыр екен.

- Бұл жігіт Қадыр Мырзалиев деген ақын ініміз болады - деді Жұбаған. - Журналдың поэзия бөлімін басқарады. Ешкімге илікпейді. Ешкімге бас иемейді. Өзіне өзі қатты сенімді. Мықтының мықтысы! Біз өзіміз іштей қаймығып жүреміз! - неге екені белгісіз, осылай асырып айтты. Айтып отырған Мырзалиеві маған мүлдем ұқсамайды. Түсініксіз қалдым. Редактордың айтуына қарағанда мен бір кеудесіне нан піскен тәкәппар қызметкер тәрізді болып шықтым. Рас, кейбір қызметтес әріптестерім сияқты редактордың қас пен қабағына қарап отырмаймын. Дистанция

сақтаймын. Орынсыз мазасын алмаймын. Шақырса ғана барамын. Тапсырмасын, жұмысын бұлжытпай орындаймын. Ал оным Жұбағана аздау көрінетін болуы керек... Бірде ауруханаға түсіп қалды. Әріптестерімнің нағыш маған ескертпегендерін, нағыш менің білмей қалғаным есімде жоқ, жігіттер бір қолайлы сәтті пайдаланып редакторға барып, хал-ахуалын біліп қайтса керек... Бір күні Жұбаға оқыстан кіріп келді. Ол өзі сондай адам еді. Әдетте ол кенет, үнемі оқыс жүретін. Бүгін де, бұл жолы да ол солай күтпеген жерден, төбеден түскендей пайда болды. Және ол ешкімге бұрымай, ағыш тұрып, қол созған қызметкерлеріне қарамай тура маған ат басын тіреп, амандасты. «Жұбаға қалайсыз? Тәуір болдыңыз ба? Жазылып шықтыңыз ба?» дегендерге: «Жоқ! Әлі жазыла қойған жоқпын. Мына Қадырдың денсаулығын біліп шығайын деп арнайы келдім!» деді. Отырып үлгермей, түрегеп тұрған қызметкерлеріне енді ғана бұрылып, қолдарын алды. Бәрі түсіністі: жұртпен бірге барып хал-жағдайын білмегенге ренжеп қалса керек...

Хамза қай-қай жағынан да Жұбағана аға болып келеді. Інісінің мінез-кұлқын жақсы білетін болуы керек:

- Ешкімге көлеңкесін түсірмесе, өзін өзі бағалай білу - жақсы қасиет! - деді Жұбағанның мен туралы сыңаржақтау пікіріне өз пікірін қарсы қойып. Онысы маған жанашырлық білдіргені еді. Әрине, осының бәрін Жұбаға мені жек көргеннен айтып отырған жоқ. Әлі де болса ысылмаған, жонудан, сүргіден өтпеген кедір-бұдыр жас кадрды тәрбиелей түсудің бір амалы, бір тәсілі ғана.

- Солайы солай ғой! - деп Жұбаға да көне салды. Сірә үлкен өкпе емес, үлкен өкпелерге жеткізбей, алдын ала ескерту тәрізді көрінді маған бұл сөз.

Хамза ағамыз асып-тасуды білмейтін, қандай жағдайда болса да өзін өзі ұстай білетін өте байсалды, өте зиялы адам еді. Баласынбай, аға буын өкілдерімен қосып, бірнеше мәрте қонаққа шақырды. Әлденеше рет сапарлас та болғанмын. Сондай сәтті сапардың бірі Батыс Қазақстанды аралаған, яки Ақтөбе, Орал, Атырау сапары еді. Құрамымызда үлкендер Қалижан Бекқожин, Жәрдем Тілеков, Жұбан Молдағалиев, Серік Қирабаев, Фафу Қайырбеков, жастардан Сағи екеуміз бармыз. Қатарымыз қалың. Облыс орталықтарында бас қосып, тоқайласа қалғанмен, аудан-

ауданды аралағанда бөлініп, ықшамдалып жүруге тура келді. Ақтөбе сапарының бір бригадасында мен Хамза ағамның қасынан табылып, үнемі табақтас болып жүрдім. Бір күні бізді ақтөбелік бір азамат, қуанышымызға ортақ болыңыздар деп жас сәбидің шілдеханасына шақырды. Үй иесі:

- Мұндай-мұндай аса қымбатты қонақ сирек кездеседі. Оның үстіне біздің ерекше қуанышымыздың үстіне тура келіп қалдыңыздар. Енді сол сәбидің атын қойып кетіңіздер! - деді.

- Атасының аты, яки фамилиясы қалай? - деп сұрады Хамза ағамыз.

- Фамилиямыз - Мырзалиев...

- Онда ойланып жататын ештеңе жоқ. Сол Мырзалиевтің бірі мына отырған Қадыр. Ол да құрметті қонағыңыз! Реті келіп-ақ тұр екен, аты Қадыр болсын!

- Дұрыс! Дұрыс! Тіпті орынды! - деп дастарқан басындағылардың бәрі бірдей шу ете қалды.

Ол баланың өзі, аман болса, биыл елуге толады екен.

Өтіп бара жатқан өмір-ай!

Хамза ағамыз 1908 жылы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында дүниеге келген. Алдымен жеті жылдық, кейін ауылшаруашылық техникумында оқыған. 1933 жылы қазақтың Абай атындағы педагогика институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, 1934 жылы Ленинградтың Мемлекеттік өнер-білім институтында аспирант болып оқуын жалғастырады. 1938 жылға дейін республиканың мәдени-ғылыми мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында жауапты қызметтер атқарады. Орта мектеп, бастауыш мектептер үшін оқулықтар жазады, көркем аудармалармен шұғылданады. И.С.Тургеневтің «Рудин», Иван Шуховтың «Өшпенділік» романдарын қазақшалайды. Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» эпопеясының бірінші және төртінші томдарын аударады.

Аз деу де, көп деу де қиын... Алпыс алты жыл өмір сүрді. Орта есеппен алғанда, бұл өзі ақылға сиятын, шүкіршілік қылатын ғұмыр. Бірақ оның он бес-жирма жылын бақытты һәм тып-тыныш өткен жемісті жылдар деп атай алмайсың. Хамза ағамыз ол жылдары еркінен айырылып, «халық жауы» деген атпен айдауда жүрді. Айдауда болу, лагерьде өмір сүру - курортта жүру емес. Шектеулі

территорияларда тұсаулы тұлпар, байлаулы бұзауда кешу. Саяси тұтқындардың жазу-сызуына мүмкіндік құқы да жоқ. Бұл - азап, бұл - қорлық. Жалғыз жастығын Кеңес өкіметінің алғашқы қиын жылдарда жұмсап, ақыр түбінде сол Кеңестік қоғамның құрбаны берген Хамза ағамыз таза жазушылыққа ғұмырының кезеңінде ғана он-он бес жыл алаңсыз отырып, жұмыс істеді. Сол он-он бес жыл ішінде классикалық дүниелерді жазып үлгерді әйтеуір. Оған да шүкір! Соның арқасында Хамза ағамыздың екінші ғұмыры, өлмес ғұмыры бақыты. Ол енді жеке бастың бақытты емес, қазақ әдебиетінің халқының бақыты...





Әбу Сәрсенбаев,
Қазақстанның халық жазушысы

Хамза жайлы бірер сөз

Жалпы казак әдебиетін, оның ішінде романдар саласын әңгімелер болсақ, Мұхан, Сәбен, Ғабен, Ғабиден бастаған әулетті шоғырдан кейін есімдерін атамай өтуге болмайтын тағы да бір топ әдебиет жұлдыздары бар. Бұлар бозбалалық шақтарынан бастап-ақ сонау әулетті шоғырларды саялай, солардан үйрене жүріп, балапан прозамыздың іргесін қаласуға септігін тигізген Саттар Ерубаев, Ғабдол Сланов, Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов топтары. Әрине, бірден жетіліп кетпеген-ақ шығар. Әйтеуір қанатымен су сепкен қарлығаш болғандары хақ. Осылардың арасынан Зейін Шашкин әдебиеттің қасиетті ортасына бет түзеген алғашқы адымдарын сонау 1927 жылдан бастаса да, өз тілектерінен тыс ұзақ мерзім үзіліс жасауға мәжбүр болды. Сөйтіп, әдебиетке қайта оралар сапарларын елуінші жылдардан бастаған бұл екі қаламгер өкінішті жылдардың есебін қайтармақ болғандай ерен қимыл жасады. Шабыттары да қайту теңіздің жанадан тасуы іспеттес ақ толқан өріп, дарын арнасын кемерледі. Бөгеліп қалған бұлақ көзінің мұндай күшті серпін жасауы табиғи заңдылық та шығар-ау. Әйтеуір осы бір қос дарын аз ғана мерзім ішінде оқырмандар сезімін ұйытып аларлық шебер де, өрнекті жазып, ортадан оза көрініс берді. “Токаш Бокин”, “Доктор Дарқанов”, төрт кітаптан тұратын “Ақ Жайық” романдары казак совет прозасын шырайландыра да, шоктандыра да түсті.

Бүгінгі сөз – жасы жетпісте, сонау 1928 жылы түңғыш әңгімелерінен бастасақ қаламгерлік сапарына жарты ғасыр толған, көп салалы тарихи романдардың авторы Хамза Есенжанов төңірегінде ғана болса керек еді ғой. Алайда дараламай, өскен ортасымен алған дұрыс шығар. Жаңылмасам, Хамза Есенжановты ең алғаш 1930 жылдары казак ғылымының қара шаңырағы Абай институтының әдебиет балапандарын аялайтын қасиетті кең залында кездестірсем керек. Бұл тұста үлкен де, кіші де бәрін білсем, бәріне де үлгерсем деген қанағатсыз бір ұмтылыс болатын-

ды. Жаза ма, жок па бәрібір, әйтеуір бір жақсы лебіз тыңдауға күштарланғандар Абай институтының кең залындағы жиындардан қалмауға тырысар еді. Осындай кеңестердің біріне “Еңбекші казак” газеті редакциясынан Ғали Орманов, Әбдірахман Мусин, Ғабдол Сланов төртеуіміз бара қалдық. Әбдірахман қысылып-қымтырылуды білмейтін ашық-жарқын адам болатын. Бізді қолтықтап барып, шеттеу тұрған бір топ жас жігіттермен таныстырды. “Менің ағаларым...” Кіл таза киінген сындарлы сұлу жігіттер кішілік ізет білдіріп, қолдарын ұсынды. Шалғайдағы қалыңқы ауыздан таяуда келген қысылшан кезім, аты-жөнімді өзіме де естілер-естілмес ерін ұшымен ғана күбірлеп ұяң сәлемдестім. Шүйіркелесіп те үлгерген жок едік, екінші есіктен шалқақтай адымдап шыққан шағын бойлы, жалтыр шеке қара жігіт сәл қарлығыңқы жарқыншақ дауыспен, тістене ашу білдірді: “Әй, Хамза, Таир, Мұқаметжан, Сағыр кашанғы күтеміз...”. Өзгелері бірден кілт бұрылды да, көрмеге қоярдай сындарлы сұлу, талдырмаш жігіт менің Әбдірахман інімнен қолын босатып ала алмай, сәл кідіріп қалған еді. Ашулы қара тағы да дауыс көтерді. “Әй, кураған, мына біреу кім өзі! Бөгеме анау кербезді. Сұлудың бәрі қыз емес...” Оң қолын енді ғана босатып алған сындарлы жігіт бұрыла беріп биязы ғана жымыды. “Ағатай-ай, тентексің-ау...” Алдыңғылардың бірі жалт бұрылып, көзіне түскен кекілін желкесіне қаға тастап, жұлып алғандай шекесінен қарады да, сындарлы жігітті асықтырды. “Пай, шандозым-ай, сұлудай сыланбай өзін түтуге дайын...” Кербез басын шұлғып, арқаға қақты. “Әй, ақияғым-ай, кіл бір осылай сөйлейсің-ау...”

Толық танысып үлгірмеген алғашқы дидактасуымыз осылай аяқталған еді. Бұдан кейін сол жігіттерді үнемі институт маңында, театр залында, Жазушылар одағында көретін болдым. Кейде дуылдаса келісіп “Еңбекші казак” редакциясына да кіріп шығады. Мүмкін реті де солай келетінді, тіпті топтарын жазбайтын. Бұлардың бірін-бірі өзімнен қағытатын жарасымды мінездеріне, шынайы достық-тұтастығына, бір сөзден-ақ аңғарылып тұратын білімдарлығына сүйсіне қарар едік. Қазақ астанасында келешегінен үміт күттіретін осындай бір шоғыр әулет өсіп келе жатты: “Әуелбек Қоңыратбаев, Сағыр Қамалов, Хамза

Есенжанов, Таир Жароков, Қажым Жұмалиев, Бердібай Шалабаев, Зейін Шашкин, Әбділдә Тәжібаев, Есмағанбет Исмайлов, тағы өзгелер – бірін-бірі толықтырып, бірімен-бірі жарасым тауып тұратын. Осы балаң дарындардың ішіндегі дене сымбаттысы да, бет пішінімен көріктісі де Хамза болатын. Бұның сөйлеген сөзінде де, ақырын жымыған әдемі күлкісінде де бір табиғи биязылық жатар еді. Күлген кезде бетіне ойнап шыққан жұқалаң қызғылт реңмен ішкі жан сұлулығы аңғарылатын-ды.

1936 жылы Мен қазақ мемлекеттік баспасына ауыстым. Ол кезде бүкіл әдебиет, бүкіл оқулық осында шығарылған болатын. Бір күні профессор Құдайберген Жұбанов бес-алты жасты ертіп, баспа директоры Киселевтың кабинетіне кірді. Солардың ішінде Хамза мен Есмағамбет бар еді. Директор Сабыржан Үкенов екеумізді шақыртты. Профессор біздермен бас изеп амандасты да, әңгімесін жалғастырды. Әңгіме келешектің жүгін көтерер өте білімді жас әулеттер төңірегінде екен. Болашақ осылардікі дей келіп, Мұқаметжанның, Әлібектің, Қажымның, Есмағамбеттің, Хамзаның есімдерін мақтанышпен атады. Хамза Гальдонидің “Екі мырзаға бір қызметкерін”, Тургеневтің “Рудинін” аударып жүргенін әңгімелейді. Құдайберген ағай есімін атаған сайын Хамза соншама ыңғайсызданып отырды. Кешікпей профессор ұсынған жас білімдарларға әдебиет оқулықтары тапсырылды.

Профессор қателеспесе керек, сол күз бұл жас дарындар әрқайсысы әр тұстан шаң көрсетіп, үмітті қауымды қуанышқа бөледі. Хамза мен Мұқаметжан оқулықтарын сәтті аяқтап, кезекті әдеби-ғылыми жұмыстарына кірісті. Қажым, Есмағамбет әдебиет теориясымен шұғылданды. Қамалов Сағыр “Ер Тарғын” опереттасымен жарқ ете қалды. Бұл опера сахнаның “Қыз Жібектен” соңғы белесі еді. Жас дарын шоғырларының осы сәттегі жүрек жарды қуаныштары сіздің кірпігіңізге де мақтаныш моншақтарын сабақтар еді. Олар халық әндерінің басын шебер құрастырып, орын-орнына пайдалана білген композитор еңбегін бағалай тұрса да, либретто авторын тіпті биік құрметтесе керек. Ол кезде ауыр қоң жиып қалған денелі Сағырды қолдарына көтеріп бара жатты. Мүмкін маған солай көрінген шығар-ақ.

Міне, жас дарындар шоғырының араларындағы достық осындай кіршіксіз болатын. Мен бұларды бірінсіз-бірі тыныстай алмастай сезінер едім.

...Соғыстан кейінгі жылдар әдебиетіміздің ортасы толып, шексіз бір шалқыған тұстары болды. Қаламгерлердің бірі майданнан, бірі өзге сапардан оралды. Талайлары-ақ көңіл дәптеріне жазылған күрделі шығармалармен келіпті. Солардың бірі Хамза Есенжанов болатын. Бірақ алып-қашпа асаулығы жоқ, биязы адам көңіл дәптерінде жазылған тарихи романдарды қағазға көшіріп алғанға дейін ешкімге жар салған жоқ. Шұқылай жүріп, “Тынық Донның” аудармасына қатысты. Мүмкін осының өзі де жазушының тақырыптас шығармасынан үйрену жолы болар. Бұл тұста Жұмағали Саин марқұм екеуіміз де Жазушылар одағында кенесші едік. Ал, партия ұйымында ол басшы да, мен қосшы болатынымын. Жұмағалиды Мұханнан бастап бәріміз де “Жүмеке” дейтінбіз. Ол өзі де осыған әбден құлақ дағдыландырып алған, бірде болмаса бірде Жұмағали деп қалғандарға көз астымен қарап қояды да, жымия түсіп, ойын-шыны аралас тіл қатады: “Ау, Тәкен айтпақшы, мені Мұхана дейін Жүмеке дейді, еп-ерсі Жұмағалиыңыз не!” Дуылдаса күліп, кешірім сұраймыз. Жүмекең бір күні мені кабинетіне шақырып алды да былай деді: “Мен осы коммунистерімнің саяси білім дәрежесін байқасам деп отырмын. Қазір Хамза келеді, бірге тыңдайық”. Орынды көрмедім. “Жүмеке, өзіміз тайыздық аңғартып, ұялыш жүрмелік”. Парторг ұнатпай қалды. Есік қағып Хамза кірді де, әңгімеміз үзілді.

Сәлемдескеннен кейін парторг хал-жай сұрады. “Ал, қалай? Алдымен сізді қандай үйірмеге жазалық?” Хамза биязы ғана жымиды. “Мені үйірмеге емес, соларға лекция оқуға жазыңыз. Маркстік эстетикадан бірнеше сабақ жүргізіп берейін”. Жүмекең лекциясында не айтпағын сұрап еді, Хамза сала-салаға бөліп, сөйлеп кетті. Парторг ризалық білдірді. “О, мықты екенсің, келістік... Жә, творчестволық жағың ше?” Хамза бөгеле түсіп жауап берді. “Партком осы жайды неге сұрап білмейді екен деп іштей ренжуде едім. Рахмет Жүмеке, жар салмай-ақ қойған едім. Парткомнан жасыруға болмас “Ақ Жайық” романының бірінші кітабы дайын түр. Екіншісін көшіріп жүрмін Орал облысындағы азамат соғысы, Жымпитыдағы алашорда үкіметінің

құлатылуы, советтендіру кезеңі... Үш, мүмкін төрт кітаппен аяқталар”. Парторг қозғалақтап қойды. “Төрт кітап?” Хамза батыл жауап қайтарды. “Танданбаңыз, бұлар менің кеудемде жазылып келген дүниелер. Баяғы-баяғы заманның көкірегінде сан рет редакцияланған болатын. Тек қағазға көшіруі ғана қалған-ды. Жұмыстан оралғаннан кейін түні бойы отырамын. Ал үйіміз аса жылы емес, партком жолдас біраз отырып кетсе, батреямыз жылынар ма еді дегенім ғой”. Парторг уағда етті. Келер аптада Жазушылар одағының кең залында эстетикадан Хамзаның бірінші лекциясы тыңдалды. Халық сонша көп жиналған еді. Хамза қоңыр дауыспен бастап, соншама жақсы оқыды. Көпшілік құлағына шалына бермейтін көне заман әдебиеті үлгілерінен де, бүгінгі совет және шетелдік көркем туындылардан да қажетті тұтамысалдар келтіріп отырды. Жиналғандар ұйып тыңдады. Парторг соншама риза болып, әдебиетшілер және әдебиет достары атынан алғыс айтып, Хамзаның қолын қысты. Осы лекцияны қалалық белсенділер жиынында тыңдаттыру жайында ойын білдірді. Хамзаға эстетика үйірмесін басқару міндеті жүктелді. Бірер күннен кейін кештетіп Хамзаның үйінде болдық. Аяғында ақ пима, үстіне женсіз кеуделік сыртынан пальто жамылған қалпы стол басында отыр екен. Бізді қуанышпен қабылдады. Сәлемдесуден кейінгі әңгімеміз әдебиет мәселесін тәніректеген-ді. Хамза Одақ көлеміндегі тарихи романдарды келте-келте шолып шықты да журнал столындағы қалың папканың Жұмағалидың алдына қойды. “Партком жолдас, Есенжанов коммунистіңіздің әзірге бітіргені осы, істеп жатырғаны анау. Тілесеніз оқуға да болады”. Парторг басын изеді. Хамза: “Оп, София ханым, қонақтарға шай әкел, тоңып қалар” - деді де оқи бастады. Софияның буы бүркыраған ыстық шайын іше отырып, бірер тарауын тыңдап та үлгердік. Хамза шаршаған тәрізді. Тамағын ұстай береді. Жұмағали ризалық білдіріп, “Лермонтов миығынан” жымыды. “Е, бәсе, солай болса керек еді” деп Сәбит ағамыз айтынакшы, менің коммунистерім осылай болса керек-ті. Партком разы болды. Құттықтаймын, претензиям жоқ. Ал сенің претензияңды сезіп отырмын, - деп Жүмекен төбетейін маңдайға қарай қозғап қойды да, сол кездік иегімен батареяны мезгелді. – Тәкең айтқандай анау ғой. Партком ол анауды тәртіпке шақыратын болады. Ал мынауың Жайық бойының

кішкене “Тынық Доны” болғай. Мен осылай үміттенемін. Ал орынбасарым қалай ойлайды екен?” Жүмекең маған қарады. “Сізге түгел қосыламын. Хамзекені сәттілік, зор денсаулық тілеймін”.

“Ақ Жайықтың” алғашқы тарауларымен осылай танысқанбыз. Сол жылы парторг Хамза коммунистіне, Хамза коммунист парткомына ризалық білдірген-ді. Жұмағали уағдаларын орындады. Партия комитетінің назар аударуы Хамзаға да сенім беріп, шабыт қанатын топшыландырған болар-ақ. “Ақ Жайық” эпопеясының әр кітабы жыл сайын дерлік дүниеге келіп отырды. Тіпті 1958 жылы қазақ әдебиетінің Москвада өткізілетін апталығына да алғашқы томы орыс тілінде шығарылып, Москвалықтардан жақсы баға алып үлгерді.

Жазушылар одағы жанындағы партия ұйымының сол кездегі жетекшісі Жұмағали Саин марқұмның асығыс айтылған бағасы мен үміті ақиқаттан шалғай емес-ті. Мүмкін “Тынық Донды” атап салыстырма жасау орынсыз да шығар, әйтеуір “Ақ Жайық” романының ұшы-қиырсыз қазақ республикасының шалғайдағы бір өлкесінде болып өткен революциялық өзгерістердің тарихи шежіресі екені хақ. Бұл туындыда да адам баласының санасындағы революциялық күрделі өзгерістер кең де шебер бейнеленген.

19

Төрт томдық романды түгел талдауды әдебиет зерттеушілерінің еншісіне қалдырып, осындай кесек-кесек кейіпкерлер галереясына назар аударалықшы. Мысалы, бірін-бірі толықтырып отыратын Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер. Бұлар осал жау емес. Өз ортасының өз идеясын мақсатын қорғауда бүкіл аярлы әрекеттермен кесек шыққан жағымсыз бейнелер. Біріне-бірі қайшы, мақсат-мұраттармен біріне-бірі мейірімсіз дұшпан Бактыгерей мен Арон Қаратаевтар, біріне-бірі ұқсамайтын ағайынды Жүнісовтер, өз полковнигі Кирилловты далада буып тастап кететін сахара көкжалы Мәмбет Оразовтар, дәулетсіз бола тұрса да мақсаты күңгірт Құныскерей, осындай түз бөрісіне жапан кезде жалғыз кездескен сәтте жүрегі селт етпейтін алып денелі Жоламан почташы.

Хамзаның байлары да осал емес. Мысалы, Ақметше бай, мақсат-мұраты бізге жат бола тұрса да, мәдениетті, парасатты адам. Бір-біріне ұқсамайтын екі қажы ше? Әйтеуір дәулетті

адам болса, бәрін топас көрсетіп келген көне қағиданың талқанын шығарды да. Хамза қарсы жақтың да парасатты адамдарын парасат деңгейінде көрсетті.

Хамза досымыз бүгінгі 70 жылдығында да осындай кесек туынды, кесек кейіпкерлер орманымен келді. Бұдан кейінгі салтанаттарына да көмескіленбей көрініс береді. “Ақ Жайық” романдары арқылы келер ұрпақтар да Хамза аталарымен сырласады. Хамза тіпті келер ұрпақтың тұстастары кейпінде ұзақ-ұзақ ғасырлар бойы тілге оралады. Рухыңа мерей, жан досым.

1979 жыл





Мұхаметжан Қаратаев,

академик

Талант пен тағдыр **(Жазушы Хамза Есенжановтың** **туғанына 80 жыл)**

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан басталып, КПСС XXVII съезінен толық қолдау тапқан қайта құру кезеңі биылғы Бүкілодақтық XIX партия конференциясынан кейін өзінің айдынды өрісіне шықты. Бұл кезеңде өткенге де, бүгінге де сын көзбен қарап, көп нәрсенің сыры мен сынын, мәні мен мағынасын терең ұғына түстік. “Өткен” деп отырғанымыздың өзі бұрынғы көне тарих емес, Ұлы Октябрь революциясы жеңісінен туған советтік қоғамның жетпіс жылдық өмірі, осы тұста өмір кешкен ұрпақтың күрделі тағдыры. Тағдыры дегенде, даусыз мойындайтын ақиқат, сол халыққа революция әперген бостандық пен теңдік, бақыт пен ерлік екендігі айдан анық. Бұл жөнінде жетпіс жыл бойы айтылу да, жазылу да жеткілікті. Мұның өзі негізінде шынайы шындық. Онда күмән жоқ. Бірақ өмірдің қайшылығын көре білмей, жетістік пен табысты бір жақты мадақтап, асыра мақтап көрсету әдетке айналған кездер болды.

Осынау біржақтылыққа салыну, қате, кемшілік атаулыны айтпау, сынамау әсіресе, әдебиетте аз орын алмаған ағаттық еді. Тек қазіргі қайта құру кезеңі ғана сынға, жариялылыққа жол ашып, қаламгерге жана серпін берді, батылдық берді. Сондықтан да 1920-1930 жылдардағы сталинизмнің зобалаң саясатын, оның колхоздастыруда асыра сілтеу арқылы халықты ашаршылыққа, өлім-жітімге ұшыратқан озбырлығын ашық жазатын жағдай енді туып отыр. Әттең, бір өкініш: әдетте сол 1920-1930 жылдардың азабын көрген жазушылардың көбі осы күнгі жана жағдайға жетпей кетті. Соның ішінде көңіл аударар көрнектісінің бірі – талантты қазақ жазушысы Хамза Есенжанов.

Әке-шешесінен сегіз жасында жетім қалған баланың жеті жылдық совет мектебінде оқып, санасының оянуы, алдағы үлкен өмірге алғаш қадам жасауы азамат соғысы мен Совет

үкіметі орнаған жылдар екен. Бұл бүкіл қазақ жастарының революциядан рух алған, халық өкіметінен қуат алған ортақ тағдыр еді. Қараңғы ауыл баласының бой түзеп, білім жолына түсуі қанша қиын болса да, Х.Есенжанов өзінің талпынған талабымен, тегеурінді талантымен мақсат межесіне қанат қақты. Мақсаты – білім алу, бойындағы күш-қуатын, ынта-ықыласын жүзеге асыру болғандықтан, қиындықтың бәрінен кешіп өткен ол сонау алыс Орал облысынан Алматыға жетіп, мал-дәрігерлік техникумында оқи жүре, тұңғыш творчестволық қадамын өзі көрген ауыл тақырыбынан бастайды. Атап айтқанда, олар: “Алтынның қадағы алты сом” дейтін фельетон мен “Құрдасыма” дейтін өлең. Фельетон қалыңмалға сатылған қыздың трагедиясы, ал өлең Қызыл Армияға алынған жас жайында жазылған алғашқы туындылар. Сондай-ақ, 1930-1934 жылдары Қазақ мемлекеттік педагогика институтында оқып жүрген кезінде де, халықтың аш-жалаңаш, қысталған-қырғын жағдайына қинала жүре, творчестволық тәжірибесін толастатпады: үсті-үстіне әңгіме жанрына құлаш сермеді. Әдеби сын мақалалар, сонымен бірге бастауыш мектеп үшін оқу кітабын, орта мектеп үшін оқулық хрестоматия жазды. Бас-аяғы бес-алты жыл ішінде И.Шуховтың “Ненависть”, И.С.Тургеневтің “Рудин” романдарын, Карло Гальдони “Слуга двух господ” пьесасын аударып үлгерді.

Бірақ, амал не, ол құлашын одан әрі сілтей алмады. Басқа замандастары секілді Хамза Есенжанов та сталинизм заңсыздығының азабына ұшырап, әдебиет әлемінен 17 жыл сырт қалды: тұтқында, айдауда өмір кешті. Жазу түгіл, тірі қалуы әлдеқалай болған талантты жазушының арып-ашып, сүлдесі суға кеткен күйде қайта оралған соң, күш-қуатын жинап, қажыр-қайратына мініп творчество жұмысына құлшына кіріскенін өз көзімізбен көрдік. Керемет серіінін көріп, таңтамаша қалдық.

Әуелі, қазақ филармониясының, кейін Опера және балет театрының директоры, сонымен қатар Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында орыс әдебиетінің оқытушысы бола жүре, Х.Есенжанов творчестволық жұмысқа біржолға шомып кетті. Бұл тұста ол ересен еңбек етіп, зор талантын танытты, оншақты жыл ішінде “Ақ Жайық” трилогиясын бітіріп, одан әрі “Ағайынды Жүнісовтер”, “Көп жыл өткен соң” романдарын (дилогиясын) жазып үлгірді.

Мұның қатарында М.Шолоховтың “Тынық Дон” романының екі томын (бірінші томын Н.Баймұхамбетовпен бірге) аударды, газет, журнал беттерінде, осы заман тақырыбына жазылған “Ягненок”, “Живучая”, “Жена”, “На рыбалке” дейтін әңгімелері мен сын мақалаларын жариялады. 1966 жылы “Ақ Жайық” трилогиясы мен “Ағайынды Жүнісовтер”, “Көп жыл өткен соң” романдары үшін Хамза Есенжанов Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Х.Есенжанов романдары – қазақ прозасында бұдан бұрын жасалған тұлғалы туындылардың ешқайсысын қайталамай, тарихи шындықтың панорамасына өз картиналарын қосқан, типтік образдар галереясына өз кейіпкерлерін қосқан кесек туындылар. Октябрь революциясы мен азамат соғысының дауылды жылдарының Батыс Қазақстанда өріс алған оқиғаларын әр қырынан суреттеп берген бұл туындыларда оның кейіпкерлері сол оқиғаларға қатысқан әлеуметтік топтардың сырын ашып, ролін анықтаған жинақты да нақты образдарға айналған. Олардың даралық қасиеттері өзі-өзіне тән айқын да айрықша ерекшеліктерімен көрінуі әрқайсысын айнытпай танытады. Мысалы, “Ақ Жайық” трилогиясының негізгі кейіпкері Хакім Жүнісовті басқа ешкіммен шатастырмайсыз. Өйткені оның кемелденген сипаты “Ботакөздегі” Асқар Досановқа ұқсағанымен, характерінің даму жолында өзіндік өзгешеліктер бар. Ол Асқар сықылды кедей семьяда өсіп, революцияға түзу келген кісі емес, оның жолы – ауқатты қажы баласынан көп қайшылықтарды бастан кешіріп, революцияны қиындықтар арқылы қабылдаған жастың диалектикалық жолы. Хакім характерінің даралық сипаты оның Әлібек сықылды бауырларымен салыстырғанда да айқын көрінеді. Бұл образдың иландырғыш күшінің өзі оның осы шытырман жолын бірте-бірте өрмелеп, княға шыққан қиындығымен көрсете білуінде. Жазушының реалистік шеберлігі де осында. Жалпы эпикалық, көп салалық, кең құлаштылық, өмір материалын мол қамтитын қарымдылық Х.Есенжановқа тән ерекшелік десе де болады. Оның үстіне сол өмір материалының документтерге құрылған ғылыми деректілігі, негізгі қаһарманның образын сомдап, характер шындығын терең ашып көрсете алу, міне, ең үлкен шеберлік сол. Өзінің басты қаһарманы Хакімді талай-талай оқиғалардан өткеріп, саналы қайраткерліктің де биік деңгейіне көтергенде,